


СЧ. 71/549)
КҮ 18



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ СОТЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКИЙ ГОРОДСКОЙ СУД

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ СОТЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ СОТЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АЛМАТИНСКИЙ ГОРОДСКОЙ СУД



Алматы
1999





Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және оның мақсат-міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Республиканың Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етуді мақсат етіп қояды.

Сот билігі Республика Конституциясының, заңдарының, өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының негізінде туындайтын барлық істер мен дауларға қолданылады.

Соттар шешімдерінің, үкімдері мен өзге де қаулыларының Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

(1995 жылғы 30 тамызда өткізілген республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабы)



Судебная власть осуществляется от имени Республики Казахстан и имеет своим назначением защиту прав, свобод и законных интересов граждан и организаций, обеспечение исполнения Конституции, законов, иных нормативных правовых актов, международных договоров Республики.

Судебная власть распространяется на все дела и споры, возникающие на основе Конституции, законов, иных нормативных правовых актов, международных договоров Республики.

Решения, приговоры и иные постановления судов имеют обязательную силу на всей территории Республики.

(Статья 76 Конституции Республики Казахстан, принятой на республиканском референдуме 30 августа 1995 года)



ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Алматы қалалық сотын құру туралы

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы қаулы етеді:

1. Алматы қалалық соты құрылсын және оның праволары облыстық соттардың праволарымен бірдей болатын болсын.

2. Алматы қалалық сотының құрамы соттың председателінен, председателдің екі орынбасарынан, он үш мүшесінен және еңбекшілер депутаттары Алматы қалалық Советінің атқару комитеті белгілеген мөлшерде халық заседательдерінен құралады және оның құрамында:

а) қылмыстық істер жөніндегі сот коллегиясы;

б) азаматтық істер жөніндегі сот коллегиясы;

в) соттың президиумы болады деп белгіленсін.

3. Қазақ ССР-нің сот құрылысы туралы Заңына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі
Президиумының Председателі

С. Ниязбеков.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі
Президиумының Секретары

Б. Рамазанова.



УКАЗ ПРЕЗИДИУМА ВЕРХОВНОГО СОВЕТА КАЗАХСКОЙ ССР

Об образовании Алма-Атинского городского суда

Президиум Верховного Совета Казахской ССР постановляет:

1. Образовать Алма-Атинский городской суд на правах областного суда.

2. Установить, что Алма-Атинский городской суд состоит из председателя, двух заместителей, тринадцати членов суда и народных заседателей в количестве, определяемом исполнительным комитетом Алма-Атинского городского Совета депутатов трудящихся и действует в составе:

- а) судебной коллегии по уголовным делам;
- б) судебной коллегии по гражданским делам;
- в) президиума суда.

3. Внести соответствующие изменения и дополнения в Закон о судеустройстве Казахской ССР.

Председатель Президиума
Верховного Совета
Казахской ССР

С. Ниязбеков.

Секретарь Президиума
Верховного Совета
Казахской ССР

Б. Рамазанова.





Алматы қалалық сотының ұжымына

Құрметті әріптестер!

Сіздерді Алматы қалалық сотының құрылғанына 30 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын! Осыдан тура 30 жыл бұрын — 1969 жылғы шілденің 22-сінде — Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі Төралқасының Жарлығымен Қазақстанның сол кездегі астанасы — Алматыда қалалық сот шаңырақ көтерді. Алғашқы құрылған жылы қалалық соттың құрамы 16 судьядан және екі сот алқасынан ғана тұратын. Қазір қылмыстық, азаматтық және шаруашылық сот алқаларында судьялар саны 57-ге жетіп отыр.

Отыз жыл тарих үшін, әрине, қас-қағым сәт. Бірақ осы жылдар ішінде Алматы қалалық соты республика бойынша жетекші соттардың қатарынан орын ала білді. Қазақстан Республикасы соттарында қаралатын әрбір бесінші іс Алматы қалалық және қала аудандары соттарының үлесіне тиеді. Мұның өзі еліміздегі құқық қолдану практикасын қалыптастыруға және одан әрі өрістетуге игі ықпалын тигізіп келеді.

Алматы қалалық соты, сонымен қатар, заңгер кадрларын тәрбиелеуде, олардың тәжірибелерін ұштауда да еліміздегі алдыңғы қатарлы сот органдарының бірінен саналады. Сондықтан да еліміздің жаңа заңдары, негізінен, осы Алматы қалалық соты арқылы сүзгіден өтеді.

Құрметті әріптестер! Сіздерді тағы да сот-құқық қорғау органдары өміріндегі елеулі оқиға — Алматы қалалық сотының 30 жылдығымен шын жүректен құттықтай отырып, судьялар корпусына, жалпы ұжымға сот төрелігін жүзеге асыру жолындағы жауапты да абыройлы жұмыстарының табысты бола берулеріне тілектестігімізді білдіреміз.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты ұжымының атынан
Жоғарғы Соттың төрағасы

М. НӘРІКБАЕВ

Коллективу Алматинского городского суда

Уважаемые коллеги!

От всего сердца поздравляю вас с 30-летием со дня образования Алматинского городского суда.

Ровно 30 лет назад — 22 июля 1969 года Указом Президиума Верховного Совета Казахской ССР в тогда еще столице Казахстана городе Алматы был образован городской суд. В первые годы в нем работало всего 16 судей, и действовали две коллегии. Сегодня же число судей, работающих в уголовной, гражданской и хозяйственной судебных коллегиях составляет 57 человек.

В историческом смысле — 30 лет, конечно, мгновение. Но за эти годы Алматинский городской суд стал одним из передовых судов республики. Каждое пятое судебное дело, рассматриваемое в республике, приходится на долю Алматинского городского суда и его районных судов. Одно это позволяет нам создать свою правозащитную практику и оказывает положительное влияние на ее дальнейшее развитие.

Алматинский городской суд является также передовиком в воспитании квалифицированных юристов и в оттачивании их опыта, т. к. все новые законы нашей страны в основном проходят испытание в Алматинском городском суде.

Уважаемые коллеги! Еще раз поздравляю вас с этим значительным событием в жизни судебно-правовых органов — 30-летием Алматинского городского суда. Судейскому корпусу, всему коллективу желаю плодотворного труда в этом ответственном и почетном труде.

От имени коллектива Верховного Суда
Председатель Верховного Суда Республики Казахстан

М. НАРИКБАЕВ